

Информатикадан халықаралық олимпиадасы (IOI) туралы ереже

1. Кіріспе

1.1. Информатикадан халықаралық олимпиадасы (IOI) – бұл әр түрлі шақырылған елдерден келген қатысушылар үшін әлеуметтік және мәдени бағдарламалармен сүйемелденетін жыл сайынғы информатика бойынша халықаралық жарыс.

1.2. Жарғы, Ережелер мен Қосымшалар бірге Халықаралық информатика олимпиадасының қағидаларын құрайды.

1.3. Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

БА – Бас Ассамблея

ХК – Халықаралық комитет

IOI – Информатика пәні бойынша халықаралық олимпиада

ХҒК – Халықаралық ғылыми комитет

ХТК – Халықаралық техникалық комитет

IOIB – IOI басқармасы

ҚҒК – Қабылдаушы ғылыми комитет

1.4. IOI-ның ресми жұмыс тілі ағылшын тілі болып табылады.

1.5. IOI аясында «Информатика» ұғымы компьютерлік инженерия саласы емес, информатика, есептеу техникасы және ақпараттық технологиялар деп аталатын саланы білдіреді.

1.6. IOI-ның негізгі мақсаттары:

- информатикада дарынды жастарды анықтау, ынталандыру және біріктіру;
- информатика мұғалімдері мен қатысушылар арасында достық халықаралық қарым-қатынасты дамыту;
- «Информатика» пәніне жастардың назарын аудару;
- жалпы орта білім беретін мектеп оқушылары үшін информатика пәнінен олимпиадалар ұйымдастыруға ықпал ету;
- елдерді өз елінде IOI ұйымдастыруға ынталандыру.

2. Қатысушылар

2.1. Біріккен Ұлттар Ұйымымен, ЮНЕСКО-мен ресми түрде танылған немесе IOI-ға қатысқан ел IOI-ға қатысушы ел болып табылады.

2.2. IOI ұйымдастыру қабылдаушы елдің жауапкершілігі болып табылады. Қабылдаушы ел IOI өткізу үшін министрліктерді, мекемелерді және/немесе корпорацияларды тартады.

2.3. Әрбір қатысушы ел Ұлттық делегациямен ұсынылған; Ұлттық делегацияның барлық мүшелері бір елдің атынан өкілдік етеді. Ұлттық делегацияны делегация жетекшісі басқарады, оның құрамына жетекшінің орынбасары және бір-төрт қатысушы кіреді.

2.4. Жетекшінің орынбасары барлық жағдайларда делегация жетекшісін ауыстыруға құқылы. Ол делегация жетекшісіне оның барлық міндеттерінде көмек көрсетеді.

2.5. Қатысушы – бұл:

- IOI алдындағы жылы 1 қыркүйек пен 31 желтоқсан аралығында өзі өкілдік ететін елдің орта білім беру мектебіне қабылданған білім алушы. Шетелде оқитын қатысушылар өз ұлтының елі атынан IOI-ға қатыса алады. Ережеден тыс барлық жағдайлар Халықаралық комитет арқылы келісілуі мүмкін;
- IOI өткізу жылының 1 шілдесіне жасы 20-дан аспаған білім алушы.

3. Конкурс, төрешілік және марапаттар

3.1. Олимпиада екі жарыс күні ішінде өтеді, одан кейін конкурстан тыс күн өтеді.

3.2. IOI ұйымдастырушы қатысушыларға IOI басталғанға дейін конкурстық жабдықта немесе салыстырмалы жабдықта және техникалық ортада жаттығуға мүмкіндік беруі керек.

3.3. Қабылдаушы ғылыми комитет IOI-ның баспа материалдарын ұсынуға және Бас Ассамблеяның тиісті отырыстарында төрешілік шарттары мен IOI тапсырмаларын бекітуге тиіс. Делегация жетекшілері Олимпиаданың бекітілген шарттары мен тапсырмаларын ұлттық тілдерге аударарды. Аудармалар түпнұсқа мәтінге сәйкес болуы керек. Таныстыру мақсатында барлық аударылған тапсырмалар IOI-ның барлық делегациялары үшін қолжетімді болуға тиіс.

3.4. Қатысушылар IOI шарттарында рұқсат етілген аударма мен материалдарды пайдалана отырып, IOI есептерін шешуге міндетті. IOI шарттарында рұқсат етілгендерден басқа ешқандай хабарламаларға немесе ақпаратқа жол берілмейді.

3.5. Олимпиада кезінде әрбір қатысушы тиісті компьютермен, IOI шарттарына, жазбаша керек-жарақтарға және қағаздарға қол жеткізе отырып, жазбаша үстелде өз бетінше жұмыс істеуге тиіс.

3.6. Олимпиада кезінде қатысушылар IOI шарттарын сақтауға тиіс.

3.7. Ұйымдастырушы Бас Ассамблея мүшелерінің, сондай-ақ IOI тапсырмаларын көрген кез келген басқа адамдардың (қабылдаушы елдің Ғылыми комитетін, Халықаралық ғылыми комитетті және Халықаралық техникалық комитетті қоспағанда) тапсырмалар жарияланған сәттен бастап IOI аяқталғанға дейін Олимпиадаға қатысушылармен кездеспеуін және /немесе қандай да бір байланысқа түспеуін қамтамасыз етуге тиіс. Бас Ассамблея мүшелерінің және тапсырмалармен таныс басқа тұлғалардың бөгде адамдармен Олимпиада тапсырмаларын IOI басталғанға дейін талқылауына жол берілмейді.

3.8. Делегация жетекшілері қатысушылардың сұрақтарын ағылшын тіліне аудару үшін әр жарыс күнінің бірінші жартысында қатысуға міндетті. Барлық сұрақтарға Қабылдаушы комитет, қажет болған жағдайда Бас Ассамблея мүшелері де жауап береді; IOI шарттарына сәйкес жауаптар бекітілген тіркестерді («Иә», «Жоқ» немесе «Түсіндірмелерсіз») қамтиды.

3.9. Жауаптарды бағалау төрешілік шарттарына сәйкес IOI аяқталғаннан кейін жүргізіледі.

3.10. Егер делегация жетекшісі бағамен келіспесе, келіспеушіліктер бағалау шарттарына сәйкес ұсынылуға тиіс.

3.11. Бас Ассамблея нәтижелер мен марапаттарды бекітеді. Қатысушылардың жалпы санының жартысынан көбі, нақты айтқанда:

- барлық қатысушылардың он екінші бөлігі алтын медальдармен;
- барлық қатысушылардың алтыдан бір бөлігі күміс медальдармен;
- барлық қатысушылардың төрттен бір бөлігі қола медальмен марапатталуға тиіс.

3.12. Қатысушы әдепке жат мінез-құлық, оның ішінде конкурстан тыс кезінде де көрсеткен жағдайда Халықаралық комитет осы қатысушыны дисквалификациялауға уәкілетті.

3.13. Олимпиаданы өткізу кезінде күтпеген ірі ауқымды проблемалар туындаған жағдайда Халықаралық ғылыми комитет тиісті шешім қабылдауға уәкілетті. Халықаралық ғылыми комитет өзінің шешімі туралы Халықаралық комитет пен бас Ассамблеяны хабардар етуі керек. Бас Ассамблея Халықаралық ғылыми комитеттің шешімін 2/3 көпшілік дауыспен жоя алады.

3.14. Егер ел ұйымдастырушы елмен дипломатиялық қарым-қатынасы болмағандықтан Олимпиадаға қатыса алмаса, онда Халықаралық комитет өз қалауы бойынша сол елдің қатысушыларына қашықтықтан қатысуға рұқсат бере алады. Бұл ел қашықтықтан қатысу үшін Халықаралық комитетке олимпиада басталғанға дейін бір жылдан кешіктірмей өтініш беруі керек.